

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ АЛДЫНДА ЕСЕБІ

Қызылорда «Болашақ» университетінің 2021-2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарын төмендегі бағыттар бойынша атап өтуге болады.

Университет миссиясы:

Ғылым, білім және инновацияларды интеграциялау қағидаттарында сұранысқа ие кадрларды даярлау іске асырылатын инновациялық ғылыми-білім беру ортасын қалыптастыру.



Университеттің материалдық-техникалық базасы жалпы аумағы 11 гектарды құрайтын заманауи технологиялармен жасақталған 14 қабаттық кампустан тұрады. Қазіргі таңда «Болашақ» университетінің жаңа құрылыс жұмыстарына 5 762 935 000 теңге инвестиция салынды.

Болашақ кампусы 2019 жылы қолданысқа берілсе, осы оқу жылында заманауи 378 орындық жаңа жатақхана (инвестициялық құны–782 миллион теңге) және 2260 ш.м құрайтын түрлі спорттық секциялар ұйымдастыруға арналған (бассейн, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, бокс, күрес залы, фитнес, тренажер залдары және т.с.с.) спорт кешенінің құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді (инвестициялық құны–271 миллион теңге). Қазіргі таңда 400 орындық екінші жатақхана, 1100 орындық «Болашақ» конгрессхол құрылысы, типтік ашық стадион құрылысы (инвестициялық құны – 62 млн. теңге) да басталып кетті. Оқытушы-профессорлар үйі, дендропарк, медициналық клиника, жағалаудағы ашық аспан астындағы атриум, кинотеатр,

бизнес инкубаторды жүзеге асыруға және білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған технопарк, университет жанындағы зияткерлік мектеп, жастар кешені құрылысын салу келесі жылға жоспарланып отыр.

Университетте мамандар даярлау 46 бакалавриат және 6 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Университеттің бүгінгі таңдағы білім алушылар контингенті—4612, оның ішінде грант негізінде оқитындар саны—138 адам. Оның ішінде ректор гранты—1, әкім гранты—92, Президент гранты—44, мемлекеттік грант—1.

Қазіргі таңда университетте қызмет жасап жатқан оқытушы-профессорлардың әлеуеті біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Сонымен қатар биылғы оқу жылындағы ерекшеліктердің бірі—шетелдік ғалымдарды оқу үдерісіне тарту.

2020-2021 оқу жылында 7 бағыт бойынша университеттің 149 білім алушысына жеңілдіктер тағайындалды. Атап айтқанда, көп балалы отбасылардан шыққан, бір отбасынан екі студент оқыған жағдайда, ата-анасы жоқ күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне, «Болашақ» университетінің колледждерін бітіріп, университетте оқуын жалғастырушылар, белсенді және түрлі жетістіктері бар студенттерге жеңілдік берілді.



Университетте білім алушылармен тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында бірнеше ұйым жұмыс жасайды.

Сонымен қатар, университетте ашылған Startup студенттерді кәсіпкерлікке баулу орталығы ретінде елеулі шаралар атқарды. Соның бір көрінісі—Қызылорда облысының Цифрлық технологиялар басқармасы мен «Ақпараттық технологиялар орталығы» КММ ұйымдастыруымен INNO FEST QYZYLORDA 2021 IT фестивалі өтті. InnoFest-жүлде қоры 2 400 000 теңгеден асатын 24 сағат ішінде идеядан прототипке дейін («Ақпараттық технологиялар», «Контент және Медиа», «Кино және видео», «Smart Qyzylorda» бағыттары бойынша)

инновациялық жобаларды жасауды мақсат ететін іс-шарада «Контент&Медиа» секциясы бойынша Қызылорда Болашақ университетінен «Экономика, аудит, бизнес және басқару» кафедрасының жас оқытушысы, э.ғ.м. Әбдікәрім Дінмұхаммед Мәдібекұлы қатысып 350-ден астам қатысушы ұсынған 47 жобаның ішінде жүлделі ІІІ-орын мен 100 000 теңге сыйақыға ие болды.

Биылғы оқу жылында Электрондық коммерция, Құрылыстағы ІТ, Логопедия, Медиажурналистика, Халықаралық қаржы және несие байланыстар, Экономикалық психология сынды инновациялық білім беру бағдарламалары да реестрге енгізілді.

Қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалануда білім алушылардың идентификациясын және академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында прокторинг жүйесін (Examus) пайдаланады. «Болашақ» университеті жазбаша жұмыстардың, диплом және диссертация жұмыстарының сапасын арттыру мақсатында антиплагиат жүйесін (Strikeplagiarism) қолданады.

Университетте дуалды оқыту, түлектердің жұмыспен қамтуын, практикаға бағытталған және жұмыс берушілердің негізгі ұсыныстарын ескере отырып оқу үдерісін ұйымдастыру мақсатында түрлі мекемелермен кафедралар филиалдары ашылып, меморандумдарға қол қойылды.

Университет Оксфорд бизнес колледжімен ағылшын тілі мамандарын даярлау бойынша бірлескен жоба, Ташкент қаржы университетімен бірлескен ББ және халықаралық факультет, «Экономикалық саясаттың когнитивті-мінез-құлық және кросс-мәдени негіздері» тақырыбындағы халықаралық жоба бойынша жұмыстар жүргізуде. Сонымен қатар педагогикалық мамандықтар бойынша аймақтағы мектептер мен балабақшалар, оқу орталықтарымен де тығыз әріптестік байланыс орнатылды.

Университет жылыжайының көлемі биылғы оқу жылында ұлғайды. Осы оқу жылында университет ғалымдарының эксперименттері мен зерттеулері нәтижесінде қазіргі таңда жылыжай екі есеге ұлғайтылды. Келесі айдан бастап мандарин, апельсин сияқты цитрус өнімдерін шығару жұмыстары басталмақ. Университеттің «Балжансай» ғылыми-агробиологиялық орталығында түрлі жеміс ағаштары өнімдері, бал арасы өнімдері де әрдайым зерттеліп, ғылыми жұмыстардың нәтижесі бойынша алынған өнімдер коммерциялануда.

Университет жастары 2009 жылдан бастап аймақтық кино индустриясының дамуына үлес қосып келеді. 2009-2019 жылдары «Болашақ аялдамасы» фильмінің 18 сериясы жарыққа шықса, 2021 жылы «Болашақ bridge» атты Қызылорда облысындағы тұңғыш толықметражды жастар «Болашақ» университеті фильмінің тұсаукесері болып, көрерменге жол тартты.

Студенттердің білім деңгейін арттыру және университетте қосымша білім беруді жетілдіру үшін шетелдік және отандық жоғары оқу орындарымен келісім шарт арқылы білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Университет дамуы бағытындаалда тұрған міндеттер:

-ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың (білім алушылардың) білім алуы үшін олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау;

-жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл жасау арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық дамуын қамтамасыз ету;

-оқытушы-профессорлар құрамының ғылыммен айналысу жұмыстарын жандандыру;

- кәсіби бағдар жұмысын үздіксіз жаңаша бағыттарда ұйымдастыру;
- шетелдік ғалымдарды оқу үдерісіне тарту.

Қызылорда «Болашақ» университетінің ректоры м.а. Шильманова А.М.